

**Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі 2008 - 2009 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 мамырдағы N 518 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі 2008 - 2009 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша), сондай-ақ мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жыл сайын, 10 қаңтарға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне олардың орындалуы жөнінде ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жыл сайын, 25 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-Министрі                      К. Мәсімов  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 29 мамырдағы  
N 518 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыздықтың және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі 2008-2009 жылдарға арналған жоспары**

Р / с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындау ғ а жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжана- т ы н шы ғ ыстар	Қаржы- ландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1-бөлім. Заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру						

1.	<p>Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балалар қадағалаусыздығының және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесі бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу (кәмелетке толмағандардың көңіл көтеру ұйымдарында болу тәртібін заңнамалық анықтау мақсатында)</p>	Заң жобасы	ІІМ, БҒМ, МАМ, Әділетмині, БП (келісім бойынша)	2008 жылғы ақпанда Үкіметке, 2008 жылғы мамырда Парламентке заң жобасын енгізу	Талап етілмейді	
2.	<p>Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратын кәмелетке толмағандарды еріксіз емдеудің орындылығы мен оларды заңнамалық бекіту мүмкінділігін зерделеу</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), БҒМ, Әділетмині ДСМ, БП (келісім бойынша)	2009 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді	

3.

Кәмелетке  
толмағандар  
арасындағы  
қадағалаусыз-  
дықтың және  
құқық бұзушы-  
лықтардың  
алдын алу,  
олардың құқы-  
ғын қорғау  
мәселелері  
бойынша заң-  
намалық және  
нормативтік  
құқықтық ак-  
тілер жинағын  
дайындау және  
жариялау

Жинақ

І І М ,  
Әділетмині,  
БҒМ, ҮЕҰ

2008  
жылғы  
қазан

Республи-  
калық  
бюджетте  
көзделген  
қаражат  
шегінде

						ликалық бюджет
<b>2-бөлім. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар</b>						
4.	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған бірлескен жедел-профилактикалық іс-шараларды жүргізу практикасын жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	І І М (жинақтау), БҒМ, ҮЕҰ	2009 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді	
5.	Оқу орындарына бармайтын балалар мен жасөспірімдерді анықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру. Сабақтан жалтаруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	І І М (жинақтау), БҒМ	2009 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді	
6.	Республиканың бір өңірінде жазасын өтеу орындарынан оралған жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеуге арналған эксперименттік орталығын құру туралы ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	І І М (жинақтау), БҒМ облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2009 жылғы 25 қаңтар	Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде	Жергілікті бюджет
	Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:					

7.	<p>құқық бұзушылықтарға бейім балалармен жұмыс істеуге арналған әлеуметтік-педагогикалық қызмет желісін кеңейту; жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыру, спорт және сауықтыру лагерлерін, аула клубтарын құру жөнінде шаралар қабылдау жөніндегі жұмысты жалғастыру</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат</p>	<p>І І М (жинақтау), БҒМ облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері</p>	<p>2009 жылғы 25 қаңтар</p>	<p>Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде</p>	<p>Жергілікті бюджет</p>
8.	<p>Қолайсыз және аз қамтылған отбасыларында тұратын, сондай-ақ ішкі істер органдарының есебінде тұрған жасөспірімдердің жазғы каникул кезеңінде сауықтыру демалыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат</p>	<p>І І М (жинақтау), БҒМ облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері</p>	<p>2009 жылғы 25 қаңтар</p>	<p>Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде</p>	<p>Жергілікті бюджет</p>
	<p>Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың жай-күйіне, криминогендік ахуалға және қадағалаусыз қалуына, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің</p>	<p>Қазақстан Республикасы</p>	<p>І І М (жинақтау), БҒМ, БП</p>			

9.	құқыққа қарсы мінез-құлқының алдын алу мақсатында пайдаланылатын әсер ету нысандары мен әдістерінің нәтижелілігіне жүйелі түрде талдау жүргізу	ның Үкіметіне ақпарат	(келісім бойынша)	2009 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді	
<b>3-бөлім. Кәметке толмағандардың қадағалаусыз және панасыз қалуының, құқық бұзушылықтарының алдын алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету</b>						
10.	Қиын тіршілік жағдайына душар болған балалары бар отбасыларын анықтау және есепке алу, сондай-ақ олармен профилактикалық жұмыстар жүргізудің бірыңғай тәртібін белгілеу жөніндегі анықтамалық құралды әзірлеу және жариялау	Анықтамалық құрал (басшылық)	ІІМ, БҒМ, БП (келісім бойынша)	2008 жылғы желтоқсан	Республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде	Республикалық бюджет
	Қиын тіршілік жағдайына душар болған отбасы мен балаларға психологиялық көмек көрсету жөнінде отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орта-	Анықтамалық			Республикалық бюджетте	

11.	лықтарының психологиялық-медициналық-әлеуметтік орталықтарымен өзара іс-қимыл жасасу мәселелері жөніндегі анықтамалық құралды әзірлеу және жариялау	құрал (басшылық)	ІІМ, БҒМ, ҮЕҰ	2008 жылғы қараша	көзделген қаражат шегінде	Республикалық бюджет
12.	Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы ұйымдарды құру туралы мәселені қарау	Облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің ақпараты	ІІМ (жинақтау), БҒМ облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2009 жылғы 25 қаңтар	Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде	Жергілікті бюджет
13.	Оқу орындарына бекітілген кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының (мектеп инспекторлары) лауазымдарын одан әрі енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру	Облыстар, Астана, Алматы қалалары әкімдерінің ақпараты	ІІМ (жинақтау), БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2009 жылғы 25 қаңтар	Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде	Жергілікті бюджет
14.	Жоспар шеңберінде өткізілетін іс-шаралар туралы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың сайттарында ақпарат орналастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), БҒМ, БП (келісім бойынша), МАМ, ҮЕҰ	2009 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді	
	Кәмелетке толмағандар қадағалаусыздығының, па-					

15.	насыз қалуының және құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау жөнінде жүргізілетін жұмыстар туралы арнайы анықтамалық құрал әзірлеу және жариялау	Анықтамалық құрал (басшылық)	ІІМ, БҒМ, Б П (келісім бойынша), ҮЕҰ	2008 жылғы қазан	Республикалық бюджеттерде көзделген қаражат шегінде	Республикалық бюджет
16.	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар жасалуына ықпал ететін себептермен жағдайларды зерделеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), БҒМ, БП (келісім бойынша)	2009 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді	
17.	Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы қылмысқа қарсы күрес, құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және іске асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2009 жылғы 25 қаңтар	Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде	Жергілікті бюджет
18.	ЖОО-лар жанынан жастардың полицияға жәрдемдесу жасақтарын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), БҒМ	2009 жылғы 25 қаңтар	Талап етілмейді	

**Ескертпе:** Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІІМ  
Әділетмині  
БҒМ

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі



ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрлігі  
МММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігі  
БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы  
ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ